

## Қазығұрт ауданының 1994 жылды туылған азаматтарын 2011 жылды шақыру учаскесіне тіркеуді жүргізу туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі N 32 Шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 қазанды N 14-6-118 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы N 683 хатымен

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011.05.20 N 683 хатымен.**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндептілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабының 3-тармағын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 -тармағы 13-тармақшасын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 "Қазақстан Республикасында әскери міндептілермен әскерге шақыруышыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" қаулысын басшылыққа ала отырып, **ШЕШЕМІН:**

1. 1994 жылды туылған ерек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне тіркеу 2011 жылдың қаңтар - наурыз айларында жүргізілсін.

Шақыру учаскесіне тіркеуді Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінде (М.Тастанов-келісімі бойынша) ұйымдастырылсын.

2. Қазығұрт ауданының ауыл округтерінің әкімдері және ұйымдардың басшылары Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шақыру учаскесіне тіркеуге жататын азаматтардың тізімін 2010 жылдың 1-желтоқсанына дейін беруді, тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етуді және шақыру учаскесіне дер кезінде келуін қамтамасыз етсін.

3. «Қазығұрт аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1994 жылғы туылған ерек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақытылы және ұйымшылдықпен жіберуді қамтамасыз етсін;

2) тіркеуге алу кезінде орта білімі жоқ жастарды анықтау үшін аудандық

қорғаныс істері жөніндегі бөліміне мұғалім-педагогтар бөліп, олардың оқуын үйімдастырын;

3) 1994 жылы туылған азаматтар арасында әскери оқу орындарына түсетін кандидаттарды іріктең алу жұмыстарын жүргізсін.

4. «Қазығұрт ауданының орталық емханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері (Д.Алтенов-келісімі бойынша):

1) шақыру участкесіне тіркеуге алынушыларды медициналық тексеруден өткізу кезінде әскери қызметке жарамдылығын және денсаулығының жағдайын анықтау жұмыстарын жүргізуге дәрігерлер мен қажетті медициналық қызметкерлерді қатыстыру үсынылсын;

2) 2011 жылдың 1 қаңтарына дейін Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне 1994 жылы туылған азаматтарға амбулаториялық есепте түрған науқастанушылардың қажетті медициналық құжаттарын, сондай-ақ туберкулез, наркологиялық, тері-венерологиялық және психоневрологиялық диспансерінде, жасөспірімдер кабинеттерінде, сонымен қатар жүқпалы науқастар ауруханасында есепте түрғандардың тізімін тапсыру үсынылсын;

3) тіркеуге алуға дейін 1994 жылы туылған барлық азаматтарды қажетті медициналық тексеруден өткізу үсынылсын;

4) ауыратыны анықталған азаматтардың арасындағы сауықтыру жұмыстарын тікелей медициналық тексеру кезінде бастасын, олардың тізімін осы жасөспірімдердің түрғылықты жерлеріндегі емхананың маман-дәрігерлеріне тапсыру үсынылсын.

5. Тиісті қызметкерлер әскерге шақыру жасына дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытқа жұмыс орны мен атқаратын қызметі сақтала отырып, жұмыстан (оқудан) босатылсын.

6. «Қазығұрт аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (А.Әсербаев) тіркеуге шақырылғандармен сапалы жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету үшін тіркеу уақытында ақылы қоғамдық жұмыс есебінен техникалық қызметкерлер бөлу тапсырылсын.

7. Қазығұрт аудандық ішкі істер бөліміне (Н.Дауылбаев-келісімі бойынша) қылмыстық жауапкершілікке тартылған, тергеуде болған, сottалған, ішкі істер органдарында есепте түрған адамдардың тізімін беруді, он жеті жасқа толатын жылы әскери міндеттерін орындаудан дәлелсіз себептермен жалтарған адамдарды іздестіру және жеткізуді жүзеге асыру үсынылсын.

8. Қазығұрт аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (М.Тастанов-келісімі бойынша) атқарылған жұмыстары туралы 2011 жылдың 10 сәуіріне дейін аудан әкіміне ақпарат үсынсын.

9. «Қазығұрт аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (А.Раманқұл) тіркеу науқанын жүргізу үшін қаржыландыру жоспарына сәйкес

қаржы                    бөлуді                    қамтамасыз                    етсін.

10. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
Г. Тағаева жүктелсін.

11. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн  
өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*T.C.Алиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК